

2024 ЖЫЛ ТРАНЗИТ ҮШІН ӨТЕ ЕРЕКШЕ ЖЫЛ БОЛДЫ. ТЕМІР ЖОЛМЕН ТАСЫМАЛ КӨЛЕМІ 27 МЛН ТОННАДАН АСТЫ, БҰЛ ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨЛІК ДӘЛІЗІ РЕТІНДЕГІ ТҰРАҚТЫ РӨЛІН КӨРСЕТЕДІ. АЛ 2025 ЖЫЛЫ ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ, ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖАҢҒЫРТУ ЖӘНЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ АРТАДЫ.



Қанат ӘЛМАҒАМБЕТОВ,
«Kazlogistics» көлікшілер одағының бас директоры



№4 (3043)
21/01/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ТЕҢІЗ АЙЛАҚТАРЫНЫҢ ТРАНЗИТТІК ДӘЛІЗДЕГІ РӨЛІ ҚАНДАЙ?

Қазақстан Республикасының теңіз инфрақұрылымын дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған кешенді жоспарын орындау шеңберінде бүгінгі таңда көлемді жұмыстар іске асырылуда. Еліміздің транзиттік әлеуетін арттыру мақсатында теңіз порттарын дамытуға айрықша назар аударылып отыр.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Қазақстанды су жолымен байланыстыратын Каспий теңізі арқылы Құрық және Ақтау порттарының жүк тасымалындағы үлесі мен транзиттік дәліздегі рөлі жылдан жылға артып келеді. Мәліметке сүйенсек, өткен жылдың он бір айында Ақтау теңіз портында жүктерді жалпы ауыстырып тиеу 4,5 млн тоннаны құрап, 2023 жылдың есепті кезеңіндегі көрсеткіштен 10%-ға артқан. Ал өткен жылдың қаңтар-желтоқсан айлары аралығында өңделген контейнерлік жүктердің жалпы көлемі 52 324 ЖФӨ құраған. Бұл дегеніміз, алдыңғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда іс жүзінде 2,5 есе көп. Демек, бұрын Ақтау порты табысының негізгі бөлігін мұнай жүктерінің тасымалы құраса, бүгінде табыстың басым бөлігі контейнерлерді ауыстырып тиеуден тұсуде екен. Қазір портта контейнерлік хаб салу жұмыстары басталған. Сондай-ақ теңіз айлағының жоспарында қолданыстағы порт қаттарын жаңарту және қайта құру да бар.

2025 жылдың үшінші тоқсанында контейнерлік хаб құрылысының бірінші кезеңі аяқталады деп күтілуде. Сонымен қатар Каспий теңізіндегі су деңгейінің төмендеуіне байланысты



қазіргі уақытта теңіз түбін тереңдету жұмыстарын жүргізуге арналған жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу жұмыстары жүргізілуде. Ол ағымдағы жылдың соңына дейін аяқталмақ.

Ақтау портында контейнерлік хаб құру – өңірдің де, тұтастай алғанда елдің де транзиттік әлеуетін еселеп арттыратын маңызды жоба. Жобаны іске асыру өткізу қабілетін жылына 240 мың ЖФӨ-ге дейін ұлғайтуға және тиісінше Транскаспий халықаралық көлік бағдары (ТХКБ) бойынша контейнерлерді тасымалдауға, яғни елдің халықаралық логистикалық жүйедегі позициясын арттыруға және қазақстандық көлік-логистика саласының әлеуетін

кеңейтуге мүмкіндік береді деп күтілуде. Аталған жұмыстарды 2025 жылдың ортасында аяқтау жоспарланған.

Ал Құрық портының паром кешені үшін өткен жылдың маңызды оқиғалары теңіз айлағы акваториясында түбін тереңдету жұмыстарының аяқталуы және жаңа астық терминалының іске қосылуы болды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, оның базасында толыққанды логистикалық кластер құру бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілуде.

Өткен жылдың қараша айының соңында Құрық портында рекордтық қысқа мерзімде түбін тереңдету жұмыстары аяқталды. Бұл теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, теңіз

айлағының терминалдық қуаттарын одан әрі ұлғайту үшін жағдай жасап, тұтастай алғанда Транскаспий халықаралық көлік бағдарын дамыту шеңберінде қабылданатын кешенді шаралардың, сондай-ақ дәліз бойынша жүктерді тасымалдау барысында өсіп келе жатқан қажеттіліктерге қызмет көрсетудің бір бөлігі болмақ. Қазіргі уақытта су айдынының және порттың кіреберіс каналының тереңдігі 7-ден 8 метрге дейін құрап отыр. Бұл портта өңделетін кемелердің өтпелі шөгінділерін ұлғайтуға және олардың толық жүктелуіне қол жеткізуге мүмкіндік береді. (Жалғасы 2-бетте)

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

БОЛЬШЕ ОБЪЕМА – ВЫШЕ РОСТ



По итогам 2024 года объем перевозок грузов железнодорожным транспортом между Казахстаном и Китаем превысил 32 миллиона тонн грузов, что является историческим максимумом.

Об этом сообщили в Комитете железнодорожного и водного транспорта Министерства транспорта РК. Так, казахстанский экспорт увеличился на один миллион тонн и составил 13,7 миллиона тонн.

Основными экспортными грузами являются железная и цветная руда, черные и цветные металлы, зерновые грузы и другие. Импорт вырос на 5%, а транзитные перевозки через Казахстан увеличились на 19% и составили 15,3 миллиона тонн.

Транзит в контейнерах на Европу вырос на 43%.

Напомним, что важным фактором роста стало открытие казахстанского терминала в Международном сухом порту Сиань.

В 2024 году через данный терминал и порт Ақтау прошло более 300 контейнерных поездов, что в 30 раз больше, чем в 2023 году.

Айлин БАУРЖАН

СТАНЦИЯ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛЕДІ



Жүк тасымалының қарқын алуымен ертеректе жабылып қалған станциялар мен бекеттердің қайта ашылуы – жағымды жаңалық. Былтыр Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты «Бірлік-2» станциясын қалпына келтіру жұмыстары басталған.

Қазір онда құрылыс жұмыстары қыза түскен. «Бірлік-2» станциясын қалпына келтіру – Мойынты – Шу – Алматы телімінің өткізу қабілетін, пайдалану жағдайын жақсарту мақсатында қолға алынған.

Станцияны қалпына келтіру үшін 2024 жылғы күрделі жөндеуден шыққан ескі темірбетон торы пайдаланылуда. 29 мың текше метр жолға қыршық тастар төселген соң темірбетон негізіндегі бағыттамалық бұрмалардың 32 жаңа жиынтығы салынады.

Бөлімше басшылығының пікірінше, Бірлік-2 станциясын қалпына келтіру жұмысы қажеттіліктен туындап отыр. Ол станция іске қосылса, Шу станциясының жүктемесі айтарлықтай азаятын болады.

Бүгінде аймақта жүк пойыздарының жүктемесі артқан. Бірлік-2 станциясы іске қосылса, Алматыдан келе жатқан жүк пойызын Шуға кіргізбей, бірден Мойынтыға, Астанаға бағыттап жібере беретін болады.

Ардақ ҮСЕЙІНОВА, Жамбыл

ҚАУІПСІЗДІККЕ ТАЛАП ҚАТАҢ



Теміржол мен автокөлік қиысындағы өткелдердегі қауіпсіздік мәселесі өзектілігін ешқашан жойған емес. ҚТЖ бойынша өткен жылы өткелдерде 28 жол-көлік оқиғасы тіркелген.

Бұл оқиғалардың барлығы автокөлік жүргізушілерінің темір жолдарды кесіп өту кезінде жол қозғалысы ережелерін өрескел бұзуының салдарынан болып отыр. Сондай-ақ олардың көпшілігі күзетілмеген өткелдерде орын алған.

Былтыр теміржолшылар 102 мыңнан астам көлік жүргізушісі өткелдер арқылы өту ережелерімен таныстырды. Жол бойында 2 мыңнан астам профилактикалық рейдтер жүргізілі және 800-ге жуық жүргізушімен автокөлік кәсіпорындарында кездесулер өткізілі, теміржол өткелдерінен өту кезінде абай болу және ережелерді қатаң сақтаудың маңыздылығы талқыланды.

Теміржолшылар өткелдердегі қауіпсіздік жол қозғалысының барлық қатысушыларының өзара жауапкершілігіне байланысты екенін еске салады және көлік жүргізушілерін бағдарламалар мен тыйым салу белгілерін елемей кетпеуге, сондай-ақ әсіресе ауа-райы қолайсыз болып, жолдардың көрінуі мен жағдайы айтарлықтай нашарлайтын қыс мезгілінде жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтауға шақырады.

Ұлан ОРАЗ

Инфраструктура

ЭФФЕКТИВНОСТЬ РАБОТЫ ПРЕДПРИЯТИЙ

Руководство АО «НК «ҚТЖ» во главе с заместителем председателя правления Талгатом Алдыбергеновым провело комплексную проверку работы железнодорожных предприятий станции Караганда-Сортировочная.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

Комиссия посетила ряд ведущих предприятий области – Карагандинскую дистанцию сигнализации и связи, вагоноремонтное депо ТОО «Қамқор Вагон», четную горку станции Караганда-Сортировочная. В заключительной части состоялось совещание с руководителями Карагандинских отделений грузовых перевозок и магистральной сети, предприятий узла Караганда-Сортировочная, где обсуждались меры, направленные на исключение рисков нарушения безопасности движения, предотвращения травматизма и обеспечение социальной стабильности на железнодорожном узле.

Одним из первых объектов посещения стала Карагандинская дистанция сигнализации и связи, на которой действует система АСК ПС. Она предназначена для организации централизованного контроля технического состояния подвижного состава и информационного обеспечения оперативных работников железной дороги. Еще одно предприятие – Карагандинская база материально-технического снабжения филиала АО «НК «ҚТЖ» располагает комплексом складов, подземно-транспортным оборудованием, авто и спецтех-



никой, арендованным вагоном для доставки ТМЦ линейным предприятиям региона. В штате базы числятся 58 человек – это инженеры, приемодатчики груза и багажа, экспедиторы, кладовщики, грузчики, водители погрузчика и автобуса. Деятельность базы МТС напрямую связана с организацией и обеспечением предприятий железнодорожного транспорта продукцией производственно-технического назначения, сырьем, материалами и запасными частями согласно заявкам и заключенным договорам, а также организацией приемки, хранения, отпуска учета и сохранности товарно-материальных ценностей. Также на МБ производятся операции по таможенному оформлению, реализации неликвидных и сверхнормативных ТМЦ сторонним организациям. Одним из ключевых моментов в организации

является соблюдение охраны труда и противопожарной безопасности, эффективное использование складских помещений и транспортных средств.

На вагоноремонтном депо ТОО «Қамқор Вагон» основным видом деятельности является проведение плановых и текущих видов ремонта, технического обслуживания, плановых видов ремонта с продлением срока службы по техническому решению всех родов грузовых вагонов и специализированного подвижного состава, средний и текущий ремонт колесных пар. Предприятие выполняет установленный годовой план и успешно работает в этом направлении.

Что касается станции Караганда-Сортировочная, то она считается внеклассной, технически оснащенной и имеющей огромную пропускную способность.

Железнодорожный объект имеет протяженность девять километров и включает в себя девять парков, в том числе два сортировочных, четыре приемопровочных, обгонный, парк очистки вагонов и парк подготовки вагонов под погрузку. На территории станции имеются две сортировочные горки средней мощности, оборудованные системой горочной автоматической централизации (ГАЦ), а также четная горка, управляемая горочным микропроцессорным комплексом (КГМ). Здесь также дислоцируются локомотивное, ремонтное и эксплуатационное депо, вагонное ремонтное депо, пожарный и восстановительный поезда.

В ходе визита рассматривались приоритетные вопросы, направленные на безопасность движения поездов, условия работы производственного персонала, охрану труда, а также обеспечение работников специальной одеждой и обувью, медицинскими аптечками и другими необходимыми средствами. Важным аспектом проверки стала укомплектованность штата и готовность восстановительного поезда к оперативному выезду для проведения аварийных восстановительных работ и ликвидации чрезвычайных ситуаций.

Фото автора

ВЫХОД В ЛИДЕРЫ

Казахстан стал лидером среди стран Центральной Азии по эффективности логистической инфраструктуры и таможенных процедур согласно индексу логистики LPI (Logistics Performance Index), опередив соседние страны.

Алуа ТЛЕУБАЙ,
Астана

Как уточняется аналитиками ASIA-Plus, среди стран Центральной Азии результаты распределились следующим образом: Казахстан – 95-е место из 139 стран (2,7 балла), Узбекистан – 107-е

место (2,6 балла), Таджикистан – 124-е место (2,5 балла), Кыргызстан – 133-е место (2,3 балла). При этом Россия заняла 107-е место с таким же общим баллом, как у Узбекистана – 2,6.

Лидером рейтинга стал Сингапур с высшим общим баллом 4,3, продемонстрировав наивысшие показатели почти по

всем критериям. В конце списка оказались Афганистан и Ливия с одинаковым баллом – 1,9, что отражает низкую эффективность их логистической инфраструктуры и таможенных процедур.

Напомним, индекс эффективности логистики LPI оценивает логистическую эффективность стран на основе шести ключевых показателей: эффективность таможенных процедур, качество транспортной инфраструктуры, простота организации поставок по конкурентным ценам, компетентность логистических услуг, возможность отслеживания грузов в режиме реального времени и своевременность доставки в установленные сроки.

ПО ИТОГАМ 2024 ГОДА ОБЪЕМ ПЕРЕВОЗОК СОСТАВИЛ 303 МИЛЛИОНА ТОНН, ПО СРАВНЕНИЮ С ПРОШЛЫМ ГОДОМ РОСТ СОСТАВИЛ 2%. В ЦЕЛОМ В СТРАНЕ РЕАЛИЗУЕТСЯ ЧЕТЫРЕ КРУПНЫХ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ПРОЕКТА ОБЩЕЙ ПРОТЯЖЕННОСТЬЮ 1 300 КИЛОМЕТРОВ. УВЕЛИЧИТСЯ ОБЪЕМ ПЕРЕВОЗОК НА МАРШРУТЕ ДАРБАЗА — МАКТААРАЛ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

В 2024 ГОДУ ПОЕЗДАМИ НАЦИОНАЛЬНОГО ПЕРЕВОЗЧИКА ПЕРЕВЕЗЕНО

13,6 млн

ПАССАЖИРОВ.

РЕВИЗОРЫ ДЕПАРТАМЕНТА БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ ҚТЖ ПРОВЕЛИ БОЛЕЕ

9 тысяч

ПРОВЕРОК В МИНУВШЕМ ГОДУ.

В 2023-2024 ГОДАХ ДИРЕКЦИЕЙ МАГИСТРАЛЬНОЙ СЕТИ В РАМКАХ УЛУЧШЕНИЯ УСЛОВИЙ ТРУДА И ОТДЫХА СОТРУДНИКОВ ЗАКУПЛЕНО

4 320

ЕДИНИЦ СРЕДСТВ МАЛОЙ МЕХАНИЗАЦИИ.

БЕЙНЕБАҚЫЛАУ КАМЕРАСЫН ОРНАТТЫ

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Шымкент



Шымкент қаласындағы «Азат» ықшам ауданында орналасқан өткел ел аузында «Бакалейторг» деген атауға ие. Ал теміржолшылар үшін бұл «3294 шақырымның 9-пикетіндегі күзетпелі бақылау бекеті» аталады.



Қалалық ішкі істер департаментінің өкілдері өткен жылы өткелдің екі тұсындағы бағана басына 2 бейнебақылау камерасын орнатқан. Қазір оның игілігін осы теміржолшылар мен өткел кезекшілері де көріп келеді. Өйткені өткел кезекшісі Берік Жұматовтың айтуынша, камера қауіпсіздік көрсеткішін күрт жақсартқан. Бүгінгі таңда бұл маңдағы теміржол мен автокөлік жолының түйіскен тұсынан тәулігіне 8 мыңға жуық көлік пен 58-60 пойыз өтеді. Миллионнан астам тұрғыны бар қала үшін бұл үлкен көрсеткіш емес. Өйткені 4-5 жыл бұрын сала мамандары кеңесе келе өткелден өтетін тәуліктік көлік ағынын нақтылау мақсатында өз беттерінше санақ жүргізіпті. Сол кездегі санақ 48-50 мыңға жуықтаған көрінеді. Қалалық полиция департаментінің дерегіне, Шымкентте бұл күнде 463 мың автокөлік тіркелген. Бұл дегеніміз, қаладағы әрбір 8 немесе 9-шы көлік осы өткелден өтеді деген сөз. Демек, алып шаһардың тыныс-тіршілігінде тақырыпқа тұздық болып отырған өткелдің қаншалықты маңызды екендігі айтпаса да түсінікті болса керек...

Сондықтан да өткелдің өзектілігін ескерген қала әкімдігі мен жергілікті теміржол ұйымының жетекшілері тоғыз жолдың торабы түйіскен тұсқа арнайы аспалы көпір салу қажет деп шешім қабылдаған. Қазіргі кезде құрылыс жұмыстары қолға алынып, электр және құбыр желілерін монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Сәтін салса, келер жылдың соңына дейін көпір толыққанды пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр.

Негізінен, нормативтік құжатта бекітілген талап бойынша өткелдің екі шетіндегі автокөлік жолы кем дегенде 100 метрден әрі қарай салынуы тиіс. Алайда, бұл аумақта тұрғын үйлер тығыз орналасқандықтан, жоғарыда аталған талапқа сай жобаны жүзеге асыру мүмкін емес. Ал өткелдің екі жағындағы автокөлік жолы темір жолға қарға адым жерде жатыр. Сол көшеден шыққан көліктер өткелді кесіп өту үшін кілт бұрылып қозғалыстың қауіпсіздік қағидасын мүлдем сақтамайтыны бар. Сондықтан да ертеректе полиция өкілдері осы қауіпті жол учаскесіне қозғалысты реттейтін арнайы белгілер орнатқан. Оған қосымша, бұл маңда таңнан кешке дейін тұрып, қауіпсіздікті қатаң қадағалаған.

– Кейіннен ол тиімсіз болған шығар, өткен жылдан бастап жолдың қос қапталына бейнебақылау камерасын орнатты. Содан соң жол ережесін өрескел бұзатын жүргізушілер саны да күрт төмендеді, – дейді 2017 жылдан бері аталған нысанда еңбек етіп келе жатқан өткел кезекшісі Берік Жұматов.

Айта кетейік, бүгінгі таңда Шымкент қаласының аумағына кіретін күзетпелі 3 теміржол өткелі бар болса, жуырда соның екеуіне жөндеу жұмыстары жүргізілді. Шымкент жол дистанциясы ұжымының ұйымдастыруымен Еңбекші ауданы аумағындағы Тіленшин және Момынов көшесіндегі күзетпелі өткелдердің рельс-шпалы мен астындағы қиыршық тасы толық жаңартылды.

Суретті түсірген автор

АРТЫҚ ЖҮК АНЫҚТАЛДЫ

Ұлан ОРАЗ,
Астана



ҚТЖ ревизорлары жолаушылар пойызынан жалпы салмағы 108 кг болатын ресімделмеген багажды анықтады.

Ревизорлық аппараттың пойыздық бригадасын бақылау жөніндегі бас менеджерлері Тараз – Шымкент учаскесінде «Маңғыстау-Алматы» қатынасындағы №77 жолаушылар пойызына тексеру жүргізді. Жолаушылар пойызы бастығының қатысуымен жүргізілген тексеру барысында №8/15892 вагонында Түркістан станциясынан Шымкент станциясына дейін жалпы салмағы 108 кг артық жүк, яғни ресімделмеген багажды тасымалдағаны анықталды.

Жолаушылар вагоны жолсерігіне қатысты кез келген бұзушылыққа нөлдік тәзевешілік қағидатына негізделген шаралар қабылданды. Жолсерікпен еңбек шарты бұзылды. Сонымен қатар жолсерік пен пойыз бастығы тексеру барысында дәрекі сөз сөйлегені және пойыз бригадасының жұмысын бақылауды жүзеге асырған қызметкерге қатысты күш қолданғаны белгілі болды. Қазіргі уақытта денсаулыққа жеңіл зиян келтіру фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалып, тергеу жүргізілуде.

ҚТЖ ревизорлары «Жолаушыларды, багажды және жүк-багажды теміржол көлігімен тасымалдау» ережелеріне сәйкес жолаушылардан жүк-багажды міндетті түрде ресімдеуді сұрайды.

ТАБЫС ТЕТІГІ – ТАСЫМАЛ



АЙМАҚ

Атырау жүк тасымалы бөлімшесі өндірістік көрсеткіштер бойынша былтырғы жылды табысты аяқтады деуге болады. Директорлар кеңесі бекіткен жоспар бойынша 8 пайдалану көрсеткішінің 7-і жоғары деңгейде орындалған.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Бөлімше бастығы Аслан Базарғалиевтің мәліметі бойынша, орташа тәуліктік тиеу 103,5%, тоннаждағы жүктерді тиеу 103,9% орындалды, яғни 13 160,7 мың тонна жүк тиелді. Вагонға статикалық жүктеме 100,3% орындалды; техникалық станцияда вагонның орташа тоқтау ұзақтығы 147%; 1 жүк операциясындағы вагонның орташа тоқтау ұзақтығы 155,2%; пойыздар қозғалысының орташа техникалық жылдамдығы 103,3 %, пойыздың жалпы салмағы 100,5% орындалды. Жоспар межесіне жете алмаған 1 көрсеткіш – жүк түсіру. Орташа тәуліктік түсіру көрсеткіші 84,5%-ға орындалған. Жүк түсірудің азаюы, Атырау – Астрахань республикалық маңызы бар автомобиль жолының құрылысы жүзеге асыратын алты мердігер ұйымымен жұмыс істейтін «Қазавтожол» АҚ кәсіпорнының қаңтар айында 2024 жылға арналған жүк тасымалына ақы төлеуге шарты болмауына байланысты.

Сондай-ақ сәуір, мамыр, маусым айларында 07.04.2024 жылдан бастап су тасқыны кезеңінде Атырау облысы бойынша табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялануына байланысты 24 189 вагон мөлшерінде 12 айға арналған жоспардан түсіруге жергілікті жүктің келуі 11 834 вагонға дейін, яғни тәулігіне 33 вагонға дейін төмендеді. Аймақта жинақтайтын, шығаратын пойыздардың көбеюі, кейбір учаскелерде жылдамдықты сағатына 40 км-ге шектеу, технологиялық «толаскездің» берілуі, жолда малдың жүруіне байланысты локомотивті шұғыл тежеу, метеорологиялық жағдайлар – қар мен жауынның көп болуына қарамастан орташа учаскелік және техникалық жылдамдық 103,3 пайызды құраған. Яғни өңірде жыл сайын жүргізіліп келе жатқан темір жолды күрделі жөндеу жұмыстарының жүргізілуі де нәтиже бере бастады деуге болады.

Аймақтағы негізгі өндіріс ошақтарының қызметі мұнай өндірісімен байланысты болғандықтан, тасымалданатын жүк түрлері

де негізінен мұнай өнімдері. Өткен жылда Атырау бөлімшесі бойынша ірі жүк тиіп-жөнелтушілер, яғни ірі кәсіпорындардың жүк көлемі мол болды. «Батыс Транс Групп» мекемесі мұнай өнімдерін, «Тенгизшевройл» ЖШС мұнай және мұнай өнімдерін (пропан-бутан, күкірт, мұнай), «Исткомтранс» ЖШС, «Тенгизская Транспортная Компания» мекемесі күкірт тиіген. Сондай-ақ жүк жөнелтушілер «PTC HOLDING» мекемесі полипропилен, «Иси Гипс Индер» құрылыс жүктерін, «Индер Гипс» ЖШС мен «Индер тұз компания» ЖШС өнеркәсіптік шикізат жүктерін, «Сұйытылған мұнай газын сақтау паркі» сұйытылған газ жүгін тиіген.

Алдағы уақытта бөлімше бойынша жүк тасымалы артады деген үміт бар. Өйткені жүк жөнелтушілер 2025 жылы Қарабаған станциясына 2,5 млн полиэтилен, бутадитен сынды жүк жөнелтуді, сондай-ақ Ескене станциясынан 1,5 млн тонна газ жөнелтуді жоспарлап отыр.

Суретті түсірген автор

ТЕҢІЗ АЙЛАҚТАРЫНЫҢ ТРАНЗИТТІК ДӘЛІЗДЕГІ РӨЛІ ҚАНДАЙ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Өткен жылдың күзінде ашылған қуаттылығы жылына 1 млн тонна жаңа астық терминалында 18 сұрлем бар, онда бір мезгілде 28 мың тоннаға дейін астық дақылдарын сақтауға болады. Құбырлардың өнімділігі сағатына 300 тонна. Терминал Иранға, Кавказ өңірі елдеріне және одан әрі қарай қазақстандық дәнді дақылдар экспортының ұлғаюын қамтамасыз етеді. Бүгінде мұнда 14 мың тоннаға жуық арпа сақталған. Терминал іске қосылған сәттен бастап шамамен 12 мың тонна астық жөнелтілді. Жалпы, Құрық паром кешені арқылы өткен жылдың

10 айының қорытындысы бойынша жүк автокөлік құралдарын өңдеуде 22%-ға өсім байқалады. Сондай-ақ Құрық портының Сарж терминалы аталған кезеңде Түркия мен Иран бағытында шамамен 55 мың тонна жүк өңделді.

Геосаяси жағдайдың өзгеруі нарық қатысушыларын Каспий теңізіндегі отандық теңіз порттары орналасқан орталық орындардың бірі Қазақстан арқылы өтетін баламалы маршруттарды іздеуге өкелді. Ақтау мен Құрық бүгінде Транскаспий халықаралық көлік бағдарын дамытуда шешуші рөл атқарады, ол жүктерді жеткізу мерзімдері

бойынша тиімді көрсеткіштерді көрсетеді. Тек соңғы екі жылда ол бойынша жүк тасымалдау көлемі 2 еседен астам өсті. Ай сайын аталған бағдар бойынша 40-қа жуық контейнерлік пойыз жүреді. Болашақта контейнер ағынының көлемі жылына 3000 контейнерлік пойызға жеткізілетін. ТХКБ-ге қатысушы елдер өткізу қабілетін арттыруға және қызмет көрсету сапасын жақсартуға бағытталған инфрақұрылымды жаңғыртуға ерекше назар аударуға.

Каспий теңізіндегі теңіз саудасы көлемінің ұлғаюымен жүктерді тасымалдаудың жаңа бағыттарын, оның ішінде «Солтүстік-Оңтүстік» халықаралық көлік дәлізі бойынша құру үшін қосымша мүмкіндіктер ашылды. Сонымен қатар бағдардың шығыс тармағын дамытумен қатар, Каспий арқылы өтетін орталық тармақтың да болашағы зор.

ЕРЕКШЕ НЫСАНДАР ПАЙДА БОЛАДЫ



ЕҢБЕК ҚОРҒАУ

Маңғыстау темір жолында өткен жылы ауыз толтырып айтуға тұрарлық жұмыстар атқарылды. Теміржолшылардың санитарлық-тұрмыстық жағдайын жақсартуға бағытталған бұл жұмыстардың нәтижесінде көптеген станция-бекеттерде жайлы модульдік ғимараттар бой көтеріп, тағы бірқатар нысандар жөндеуден өтті.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Сонымен қатар биылдан бастап ерекше үлгідегі гараждар салынып бастады. Сайөтес станциясының аумағында көп ұзамай құрылысы бітіп, пайдалануға берілетін автокөліктер мен дрезинаға арналған гараждар – ҚТЖ көлемінде бұрын-соңды болмаған, жаңа жобамен жүзеге асырылып жатқан алғашқы нысандар.

– 2024 жылға алдымызға қойған жоспардың бәрі орындалып, құрылыстарымыз толықтай бітті. Осы айдың ішінде Сайөтес станциясындағы автокөлікке және дрезинаға арналған гараждың қалған шаруаларын аяқтап, қолданысқа тапсырамыз деп отырмыз. Бұл нысандар компания бойынша бірінші рет сынақ ретінде салынып, тәжірибеден

өткізілгені отыр. Оның орнында бұрын тозығы жеткен ескі гараж болатын. Соны бұзып, орнына модульді-блоктық нысан құрастырылып орнатылды. Оның ерекшелігі, заманауи үлгіде, ішінде жатын орны, жуынатын, демалатын бөлмелері, толық жабдықталған асханасы бар. Механикалық шеберханасы да болады, онда көлікті жөндеуге қажетті құрылғылар орнату қарастырылған. Бір сөзбен айтқанда жұмысшының сол жерде демалып, қажетті жұмыстарын атқаруына толық мүмкіндік болады, – деген Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінің ғимараттар мен инженерлік жүйелер бөлімі бастығы Нұржан Мүсірхановтың айтуынша, бұрынғы гараж ғимараттары тастан қаланып, үсті битуммен жабылған болса, қазіргісіне ыстық пен суыққа



бірдей төзімді жаңа құрылыс материалдары қолданылған.

Ал енді модульдік ғимараттарға ойыссақ, былтыр бөлімше бойынша мұндай нысандың жиырмасы орнатылған еді. Оның екеуі ЭЧ-5 Маңғыстауға, он данасы ПЧ-12 Бейнеуге, сегізі

ПЧ-13 Маңғыстау аумағынан бой көтерген. Бұдан басқа 24 ғимаратқа ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген. Олар – Шетпе, Бейнеу, Ақжігіт, Тұрыш, Сам, Құрсай, №1, №2, №3, №6 станция-бекеттердегі ЭЧ-5, ПЧ-12 мекемелерінің әкімшілік ғимараты, сондай-ақ пайдалану пункттері, гараждар, жылыну будқалары, Бейнеу – Тасай бағытындағы тұрғын үйлер.

Нұржан Мүсірхановтың сөзіне сүйенсек, осы жылы тағы да Ақжігіт, Ноғайлы, Боздақ, Шетпе, Өзен, Сайөтес, Құрық порты станцияларына жаңа модульді-блоктық ғимараттар қойылады. Сонымен қатар Ақжігіт, Сәнікбай, Тоқсанбай, Тұрыш, Бейнеу, Боздақ, Бопай станцияларына гараж орнату жоспарда бар.

Суретті түсірген автор

Хабарландыру

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының «Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі» филиалы бірыңғай операторлар үшін Орал теміржол вокзалындағы алаңдарды/үй-жайларды бірыңғай лотпен мүлктік жалдауға беру (жалға алу) бойынша конкурсты 2025 жылдың қаңтар айының 30-да өткізуді жоспарлайды.

Жоғарыда көрсетілген байқауға қатысуға тіркелу 2025 жылғы 29 қаңтарда 15 сағат 00 минуттыңа дейін келесі мекен-жайда: Орал қаласы, Чапаев алаңы 1/1, теміржол вокзалы ғимаратының 1-қабатындағы қызметтік кабинетінде немесе 8 (7112) 97-01-61 телефон арқылы қабылданады.

Хаттарды ашу 2025 жылдың 30 қаңтарында 15 сағат 00 минутта келесі мекен-жайда: Орал қаласы, Чапаев алаңы 1/1 теміржол вокзалы ғимаратының 2-қабатында, техникалық кабинетте жүргізіледі. Барлық туындаған сұрақтар бойынша мына телефон нөмірлеріне хабарласуға болады: 8 (7112) 97-01-61 (Орал вокзал қызметкерлеріне), 8 (7132) 97-42-05 (Ақтөбе қаласы бойынша Филиал қызметкерлеріне).

Толық ақпарат «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының www.railways.kz сайтында орналастырылған «инфрақұрылым» бөлімінің «теміржол вокзалдарында жайлар мен алаңшаларды мүлктік жалға беру (жалдау) тәртібі» кіші бөлімінде.

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының «Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі» филиалы бірыңғай операторлар үшін Қандыағаш теміржол вокзалындағы алаңдарды/үй-жайларды бірыңғай лотпен мүлктік жалдауға беру (жалға алу) бойынша конкурсты 2025 жылдың қаңтар айының 28-де өткізуді жоспарлайды.

Жоғарыда көрсетілген байқауға қатысуға тіркелу 2025 жылдың 27 қаңтарында 15 сағат 00 минутқа дейін келесі мекен-жайда: Қандыағаш қаласы, Ж.Жабаев б6В, теміржол вокзалы ғимаратының 1-қабатындағы вокзал бастығының қызметтік кабинетінде немесе 8 (71333) 70-0-62 телефоны арқылы қабылданады.

Хаттарды ашу 2025 жылдың 28 қаңтарында 15 сағат 00 минутта келесі мекен-жайда: Қандыағаш қаласы, Ж.Жабаев б6В, теміржол вокзалы ғимаратының 2-қабатындағы вокзал мәжіліс залында. Барлық туындаған сұрақтар бойынша мына телефон нөмірлеріне хабарласуға болады: 8 (71333) 70-0-62 (Қандыағаш вокзалының қызметкерлеріне), 8 (7132) 97-42-05, 97-42-19 (Ақтөбе қаласы бойынша Филиал қызметкерлеріне).

Толық ақпарат «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының www.railways.kz сайтында орналастырылған «инфрақұрылым» бөлімінің «теміржол вокзалдарында жайлар мен алаңшаларды мүлктік жалға беру (жалдау) тәртібі» кіші бөлімінде.

Актуально

За последние пять лет благодаря внедрению в АО «НК «КТЖ» мобильных диагностических комплексов (МДК) железнодорожная инфраструктура Казахстана вышла на новый уровень безопасности. Они значительно повысили точность и скорость обследования магистральной сети, позволяя оперативно реагировать на любые изменения и устранять неисправности. Мы понаблюдали за работой МДК на участке Астана – Тонкерис и лично убедились в эффективности комплексного метода диагностики.



МДК: НОВЫЙ УРОВЕНЬ БЕЗОПАСНОСТИ

В отраслевой печати уже неоднократно освещали уникальные особенности МДК, объединивших в себе независимое друг от друга дефектоскопное и путеизмерительное оборудование. Они стали настоящим прорывом в области диагностики. Особенно отраднo, что техническую спецификацию проекта разработали казахстанские железнодорожники – специалисты филиала АО «НК «КТЖ» – «Центр диагностики пути».

На первый взгляд это обычный вагон, но при более детальном рассмотрении внимание привлекает множество высокотехнологичных устройств на ходовой тележке – новейшие сенсоры, датчики, камеры и контрольно-измерительные системы позволяют в режиме реального времени на установленных скоростях движения проводить контроль геометрии пути и глубокую оценку состояния рельсов, шпал, скрепленных, балластного слоя и т. д.

Ультразвуковую диагностику рельсов обеспечивает скользящая искательная «ляжка», – показал во время наладки оборудования перед поездкой заместитель директора филиала АО «НК «КТЖ» – «Центр диагностики пути» Руслан Альжанов.

Принцип работы этой системы схож с медицинским аппаратом УЗИ. В процессе диагностики под «ляжку» автоматически подается контактирующая жидкость, чтобы ультразвук мог распознать дефект. Она «видит» мельчайшие нарушения в состоянии пути, наблюдает их на своем экране и инженер МДК.

Инновационное оборудование дополняет специальное программное обеспечение – «Комплексный анализ предосторожного состояния бесстыкового пути» (ПО КАПС-БП), «Программа расчета предосторожного состояния рельсовой колеи» (ПО ППРК), ПО «StabWay», позволяющие исключить человеческий фактор.

